

**Көмірсутектер, жеке және заңды тұлғаларға қызмет көрсету салаларындағы қызметті лицензиялауды жүзеге асыру жөніндегі лицензиарды айқындау туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 29 маусымдағы № 489 қаулысы.

**Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 12.02.2019 № 58 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

"Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес:

1) Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі – көмірсутектер саласындағы;

2) Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті – жеке және заңды тұлғаларға қызмет көрсету саласындағы қызметті лицензиялауды жүзеге асыру жөніндегі лицензиарлар болып айқындалсын.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 23.02.2022 № 81 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

2. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 15.04.2016 № 221 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*К.Мәсімов*  
Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2015 жылғы 29 маусымдағы  
№ 489 қаулысына  
қосымша

**Бірінші санаттағы рұқсаттар (лицензиялар)**

**Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 23.02.2022 № 81 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

--	--	--

Жүзеге асыру үшін лицензияның

Р/с №

Лицензияның және жүзеге асыру үшін лицензияның болуы талап етілетін қызмет түрінің атауы

		болуы талап етілетін қызметтің кіші түрінің атауы
1	2	3
Көмірсутектер саласындағы қызметті лицензиялау		
1.	Көмірсутектер саласындағы жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге лицензия	<p>1. Көмірсутектерді барлау және өндіру кезіндегі кәсіпшілік зерттеулер.</p> <p>2. Көмірсутектерді барлау және өндіру кезіндегі сейсмикалық барлау жұмыстары.</p> <p>3. Көмірсутектерді барлау және өндіру кезіндегі геофизикалық жұмыстар.</p> <p>4. Көмірсутектерді барлау және өндіру кезінде ұңғымалардағы атқылау-жару жұмыстары.</p> <p>5. Көмірсутектерді барлау және өндіру кезінде құрлықта, теңізде және ішкі су айдындарында ұңғымаларды бұрғылау.</p> <p>6. Көмірсутектерді барлау және өндіру кезінде ұңғымаларды жер астында жөндеу, сынау, игеру, сынамалау, консервациялау, жою.</p> <p>7. Көмірсутектерді барлау және өндіру кезінде ұңғымаларды цементтеу.</p> <p>8. Көмірсутектерді барлау және өндіру кезінде мұнай қабаттарының мұнай беруін арттыру және ұңғымалардың өнімділігін ұлғайту.</p> <p>9. Теңіздегі көмірсутектер кен орындарында төгілуді болғызбау және жою жөніндегі жұмыстар.</p> <p>10. Мұнай-газ-химия өндірістерін пайдалану.</p> <p>11. Көмірсутектер кен орындарына арналған базалық жобалау құжаттарын жасау және көмірсутектер кен орындарын игеруді талдау.</p> <p>12. Көмірсутектер кен орындарына арналған техникалық жобалау құжаттарын жасау.</p> <p>13. Магистральдық құбыржолдарды пайдалану.</p>
Жеке және заңды тұлғаларға қызмет көрсету саласындағы қызметті лицензиялау		
2.	Қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды	1. I санаттағы объектілер үшін табиғат қорғауға қатысты жобалау, нормалау.

орындауға және қызметтерді  
көрсетуге арналған лицензия

2. Қауіпті қалдықтарды қайта  
өңдеу, залалсыздандыру, кәдеге  
жарату және (немесе) жою.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК